

«Астана медицина университеті»АҚ
Балалар аурулары кафедрасы

Балалардағы ауыз қуысының аурулары

Орындаған:Бекбаева М.Ш

Топ-303стом


Тексерген:Габдуллина Д.М

Стоматит

- Стоматит (көне грекше: στόμα – ауыз) – ауыздың шырышты-кілегей қабығының қабынуы. Клиникалық ағымына қарай стоматиттың жедел және созылмалы түрлері бар.



СТОМАТИТ



Жедел Созылмалы

Егер қабыну тілде болса – глоссит,
ал қызыл иекте болса – гингивит деп
атайды.

Этиологиясы

- механика, физика және химия жарақаттану, улану
- түрлі жұқпалы ауруларға (қызылша, кандидоз, тұмау, т.б.) шалдығу;
- дәрі-дәрмек аллергиясы;
- дәрумен жетіспеушілік (гиповитаминоз);
- жүйке жүйелерінің, ішкі органдардың созылмалы аурулары, ағзада зат алмасу процесінің және ішкі секреция бездері қызметінің бұзылуы, т.б.

Аллергиялық стоматит

- Аллергиядан ауыздың қабынуы. Әр алуан аллергиялар (микробты, дәрі-дәрмек, аутоаллергин т. б.) сенсбилизация туғызып, ағзаның сезімталдығын күшейтіп ауыз ішін қабындырады. Зақымдайтын элементтерге полиморфизм (әр түрлілік) тән, яғни күлдіреуік, күлдіреу, жаралар, теңбіл, қызарған, қан кернеген орындар өзара қабаттасып бөртеді.



Соз стоматиті

- Соз кеселін қоздыратын микроб гонококк.
Гонококк жұмсақ таңдай, тіл үстінің ортасын, тіл үзбесін, қызыл иек және төменгі ерінді қабындырады. Ауызда сарғыштау гонококктері бар ірің бөлініп шығады. Қабыну кезінде ауыз шырышты қабығы қызарып іседі, асқынғанда жарылады.




Саңырауқұлақ стоматиті

- Антибиотикті көп пайдалану ауыз қуысындағы микрофлора тепе-теңдігін бұзады, кортикостероидтарды артық жұмсау ағзаның қарсыласу күшін әлсіретеді және т. б. себептер кандидоз ауруына алып келеді. Ауыз шырышты қабығын қан кернейді, ерін, ұрт, тіл үстінде нүкте тәрізді ақ дақтар пайда болады да, кейін жайылып ақ таңдаққа айналады. Ауыздың уылуы күшейген кезде иек қанағыш келеді, жара пайда бола бастайды.



Дәрі-дәрмек стоматиті

- Кейбір дәрілер жақпағанда немесе белгілі бір медикаменттерге ағзанын сезімталдығы артқанда тез арада пайда болады. Әсіресе йод, новокаин, сульфаниламид және антибиотиктерден (тетрациклин тобы) ауыз жиі қабынады. Жалақ, жара, күлдіреуік, ақ таңдақтанғанып бөрткен жағдайда бұл кеселдің өзіне тән белгісін ажырату қиынға соғады.



Қызылша стоматиті



Қызылша вирусі денеге енген соң қан арқылы ауыз эпителийін зақымдайды. Сонымен бірге тыныс алу, ас қорыту, көз, орталық жүйке жүйесі және қан тамыр жасушаларда ауруға шалдығады. Ауыз іші эпителий тканьдері сіріленіп, кедір-бұдырланады. Шырышты қабықтың беті сыдырылып түседі.


Желшешек стоматиті

- Бұл вирустан қозатын жедел жұқпалы ауру. Ерін маңындагы күлдіреу кеуіп орны қабыршықтанады. Ауыз ішіндегі күлдіреуіктер жарылып, дөңгелектеніп жалақтанады да, бірте-бірте ойық жараға айналады



Миелоидты лейкомия стоматиті

- Бұл кезде адам әлсізденіп, көк бауыр маңы ауырады, температурасы сәл ғана көтеріліп, қан құрамы өзгереді. Ауыз шырышты қабығы бозғылт тартып, қызыл иек қанап, некроз (шіру) ошағының сүйек тканіне дейін жетеді.




Лимфолейкоз стоматиті

- Мойын, қол асты т. б. без түйіндері ұлғаяды. Лейкемия жасушалық кернеу (инфильтрация) салдарынан қызыл иек, тіл, бадамша бездері шіриді, кейде тканьге қан кету жиілей түседі.



Пеллагра стоматиті

- РР (никотин қышқылы) дәруменнің жеткіліксіздігінен болатын созылмалы ауру. Ауру кезінде таңдай, ұрт, тіл, ерін, қызыл иек шырышты қабығында күлдіреуік бөртеп шығады. Күлдіреуіктер жарылып орны жалақтанып ауырады. Ерін тілініп, құрғайды, тіл ісіп қызыл күреңденіп шетінде тістердің ізі таңбаланып көрінеді.



Шірік-жара стоматиті



- Ауыз қуысы мен жұтқыншақ қатпарларында ұршық тәрізді спирохет бактерияларынан пайда болатын ауру. Бұл қызыл иек, ұрт, таңдай, бадамша бездерінде жиі кездеседі. Ақ сары түсті таңдақтар бірте-бірте шіріп, шырышты қабыққа, бұлшық ет пен сүйекке дейін жайылады

Клиникалық көрінісі және емі

- Стоматиттің қай түрінде де ауыздың шырышты қабығы қызарады, сілекей аға бастайды, жақасты лимфа түйіндерінің айналасындағы тіндер ісінеді. Дақ, бөртпе, бұдыр-төмпешіктер пайда болып, кейде олар іріңдеп, жараға айналуы мүмкін. Стоматитті емдеу тәсілдері аурудың негізгі себебіне қарсы бағытталады. Ауру белгісі пайда болысымен ауыз қуысын көмір тотығы, фурацилин, калий перманганаты (ашық қызғылт түсті) ерітінділерімен шаю керек. Физиотерапия жолымен, шырғанақ майымен де емделеді..